

Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялары президенттерінің еңбек ақысы, әлеуметтік және материалдық қамтамасыз етілуі жөніндегі Ережені бекіту туралы<\*> Ескерту. "Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясы бірінші санатқа жатқызылды - ҚРКМ-нің 19.05.1994 ж. N 539 қаулысымен. ~P940539

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 желтоқсан 1993 ж. N 1251. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялары президенттерінің еңбек ақысы, әлеуметтік және материалдық қамтамасыз етілуі жөніндегі Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 14 желтоқсандағы  
N 1251 қаулысымен

Бекітілген

Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялары президенттерінің еңбек ақысы, әлеуметтік және материалдық қамтамасыз етілуі жөніндегі Ереже

#### I. Жалпы ережелер

Осы ереже Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компанияларының (бұдан әрі - компания) президенттеріне еңбек ақы төлеудің, оларды әлеуметтік және материалдық қамтамасыз етудің тәртібі мен шарттарын б е л г і л е й д і .

Компания президентінің еңбегіне ақы төлеу компания өз иелігіндегі акциялардан алатын дивиденттерден, сондай-ақ компания өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алған кірістерден бөлінетін қаражат есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Компания президенті контракт негізінде жұмыс істейді, онда лауазым окладының мөлшері, сондай-ақ материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету

шарттары көрсетіледі. Компания президентімен контрактқа үш жылға қол қойылады.

## II. Компания президентінің еңбек ақысы

1. Компаниялар республика экономикасындағы маңызына, сондай-ақ қызметінің мақсаты мен түріне, атқаратын жұмысының көлеміне, кәсіпорындардың саны мен жұмыс істейтіндердің санына қарай қосымшаға сәйкес 2 санатқа бөлінеді.

Компания президентінің қызмет оклады компания санатына сәйкес былай белгіленеді:

1-санаттағы компаниялар - Қазақстан Республикасы Министрінің қызмет оклады деңгейінде;

2-санаттағы компаниялар - Қазақстан Республикасы министрінің бірінші орынбасарының қызмет оклады деңгейінде.

Компания президенті президенттік қызмет пен бас кәсіпорынның бірінші басшысы қызметін қоса атқарған жағдайда оның қызмет оклады бас кәсіпорынның бірінші басшысының қызмет окладының 120 проценті мөлшерінде белгіленеді.

2. Компаниялар президенттерінің еңбек ақысына аудандық, биік таулы және экологиялық коэффициенттері, сондай-ақ шөл және сусыздық үшін коэффициенті қолданылады.

3. Компания президентіне айрықша жұмыс режимі үшін Байқаушы кеңес қызмет окладының 40 процентіне дейінгі мөлшерде үстеме белгілейді.

Компания президенті контрактқа енген нақты көрсеткіштерді орындамаған жағдайда аталған үстемені Байқаушы кеңес алып тастайды немесе азайтады.

4. Компания негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерді орындаған жағдайда компания шаруашылық қызметінің нәтижесінде алған және оның қарауында қалған кіріс есебінен:

компанияның бір айдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйлық;

компанияның бір жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы;

қызмет атқарған жылдары үшін бір жолғы көтермелеу ақысы төленеді.

Сыйлықтар мен сыйақылардың мөлшері сыйлық беру және қызмет атқарған жылдары үшін жылдық сыйақы туралы компанияда қолданылып жүрген ережеге сәйкес белгіленеді.

Компания президенті үшін заңда көзделген, президент қызметіне тағайындалғанға дейін ие болған барлық жеңілдіктерді (қызмет атқарған жылдары үшін қосымша демалыс, ауыр жұмыстардағы стаж және т.б.) ақталады.

5. Компания президентінің компания акцияларын компания жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде және тәртіппен номинал құны бойынша сатып алуына құқығы бар.

### III. Компания президентін әлеуметтік қамтамасыз ету

1. 1-санаттағы компания президентінің қызметі медициналық тұрмыстық қамтылуы және көлік қызметі жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы Министрінің қызметіне, ал 2-санаттағы компания Президентінің қызметі - Қазақстан Республикасы министрінің бірінші орынбасарының қызметіне т е ң е с т і р і л с і н .

2. Компания президентіне қатысы жоқ жағдайлар бойынша (денсаулығына байланысты жағдайларды қоса) контракт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, оған 6 айлық қызмет оклады мөлшерінде бір реткі өтем төленеді.

3. Егер компания президенті міндеттерін орындамағаны немесе компанияны басқарған кезде тәртіпті өрескел бұзғаны үшін жұмыстан шығарылатын болса, оған қаржы өтемі немесе қандай да бір басқа өтемдер төленбейді.

4. Компания президентінің инициативасы бойынша контракт бұзылған жағдайда ол кетерінен үш ай бұрын Байқаушы кеңесті жазбаша түрде хабардар етуге тиіс. Мұндай жағдайда өтем төлеу туралы шешімді Байқаушы кеңес қ а б ы л д а й д ы .

5. Компания президентіне контракт мерзімі біткеннен кейін алты айлық қызмет оклады мөлшерінде бір жолғы сыйлық төленеді.

6. Компания президенті оның президенті лауазымымен жұмыс істеген кезеңде қайтыс болған жағдайда, оның отбасына алты айлық қызмет оклады мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

7. Компания президентін әлеуметтік қамтамасыз етудің басқа түрлері контрактпен реттеледі.

Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялары президенттерінің еңбек ақысы, әлеуметтік және материалдық

қамтамасыз етілуі жөніндегі Ережеге қосымша

1-санатқа жататын компаниялар:

Алтыналмас	Алматы қ.
Қазақстан әуе жолы	Алматы қ.
Қорғау	Алматы қ.
КАТЭП	Алматы қ.
Қазақстан түсті металдары	Алматы қ.
КРАМДС	Алматы қ.
Алтай-ТМ	Өскемен қ.
Қазақмыс	Жезқазған қ.

ӨТМ-холдинг	Өскемен қ.
Ақсұңқар	Шымкент қ.
Казсталь-холдинг	Теміртау қ.
Мұнайгаз	Алматы қ.
Көмір	Алматы қ.
Қазақгаз	Орал қ.
Энергостроймонтаж	Алматы қ.
Мұнайгазқұрылыс	Ақтау қ.
Алаугаз	Алматы қ.
Мұнай өнімдері	Алматы қ.
Желдірме	Алматы қ.
Ақ жол	Алматы қ. <*>
Құрылыс материалдары	Алматы қ.
Құрылыс	Алматы қ.
Монтажспецстрой	Алматы қ.
Тағам	Алматы қ.
Астық	Алматы қ.
Барс	Петропавл қ.
Электротехника	Алматы қ.
Медтехника	Көкшетау қ.
Тірек	Алматы қ.
Каскор	Ақтау қ.
Редмет	Өскемен қ.
Үміт	Степногорск қ.
Легпром	Алматы қ.
Металлургремонт-холдинг	Теміртау қ.
Жиһаз	Алматы қ.
Казагрореммаш-холдинг	Алматы қ.
Отын	Алматы қ.
Тоған	Алматы қ.
Кең дала	Алматы қ.
Ауыл құрылысы	Алматы қ.
Қайсар	Ермак қ.
Алматықұрылыс	Алматы қ. <*>

II-санатқа жататын компаниялар

Химпром	Алматы қ.
Қуат	Шымкент қ.
Жолсерік	Алматы қ.

Асыл	Алматы қ.
Ақ қауырсын	Алматы қ.
Рунокаракуль	Алматы қ.
Фармация	Алматы қ.
Береке	Алматы қ.
Қызмет	Алматы қ.
Маржан	Қостанай қ.
Зерттеу	Ақтөбе қ.
Топаз	Өскемен қ.
Алға	Қарағанды қ.
Жарыс	Алматы қ.
Тұлпар	Ақтөбе қ.
Ақ бота	Атырау қ.
Толқын	Атырау қ.
Поиск	Фурманово п. Батыс Қаз. обл.
Станкомаш	Алматы қ.
Сенім	Тоғыз п. Оңтүстік Қазақстан обл.
Жайлау	Алматы қ.
Өркен	Алматы қ.
Гидрогеология	Алматы қ.
Зергер	Алматы қ.
Құнарлылық	Алматы қ.
Живпром	Алматы қ.<*>

Ескерту. II-санаттан I-санатқа "Алматықұрылыс" сөзі  
алмастырылған - ҚРМК-нің 17.06.1994 ж. N 664  
қаулысымен.

II-санат сөздермен толықтырылды - ҚРМК-нің  
6.09.1994 ж. N 1000 қаулысымен.

Ескерту. I-санаттан сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің  
1996.06.28. N 836 қаулысымен.